

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ PUBLIC ADMINISTRATION AND CIVIL SERVICE ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

ҮШТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕР САЯСАТЫН ДАМУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚОЛДАНЫСЫ

Саманта ҚАЗИХАНОВА*	жетекші ғылыми қызметкер, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан, samanta007@bk.ru
Галияпану РЕЗУАНОВА	филология ғылымдарының кандидаты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан, galiabanu_k@mail.ru
Ғани БЕЙСЕМБАЕВ	психология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министрі, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі, Астана, Қазақстан, ganibey@bk.ru

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 18/06/2022

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-738

ӨОЖ 81:001.12/.18

ҒТАХТК 16.01.11

Аңдатпа. Бүгінгі күннің талабына сай еліміздегі білім беру жүйесінің барлық салаларында ақпараттық коммуникативтік технологиялар (АКТ) қолданысының басымдылығы және оларды білім беру процесінде кеңінен пайдалануда оң көзқарас байқалады. Барлық мамандықтар оқыту бағдарламалары мен ондағы ақпаратты ұсыну мен қабылдаудың өзіндік тәсілдерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, АКТ-ны сабақта пайдалану мемлекеттік білім беру стандартында белгіленген міндет пен талаптар болып отыр. АКТ қолданысын жан-жақты талдау жасау мүмкін емес, өйткені бұл бағыттың ауқымы кең. Еліміздің саясатын дамытуда, ондағы өзгерістерді көпшілікке жариялауда тіл саясатының рөлі ерекше.

Тілді оқытуда АКТ-ны пайдалану білім беруді жаңғырту және оның принциптерін жүзеге асыруда заманауи ақпараттық технологиялар негізінде оқытудың жаңа моделі құрылды. Үштілділік білім беру үдерісіне АКТ-ны енгізу сияқты міндеттерді шешудің жолдары анықталды.

Осы бағытта, мақаланың мақсаты – мемлекеттік саясатты жүргізудегі АКТ қолданысының тиімділігін қарастыру және тұжырымдар беру болып табылады. Зерттеу бағыты еліміздегі үштілділік саясатындағы ақпараттық коммуникативтік технологиялардың рөлін анықтауда тілдік-ақпараттық талдау жүргізу болды. Зерттеу әдістері арқылы алынған зерттеу нәтижелері соңғы онжылдықта жүргізілген үштілділік саясатында АКТ құралдарының рөлі мен маңыздылығын айқындап берді.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, үштілділік саясаты, ақпараттық коммуникативтік технологиялар (АКТ), ақпараттық құзыреттілік.

JEL код: Z13.

Abstract. In accordance with the requirements of today, there is a predominance of the use of information and communication technologies (ICT) in all areas of education in the country and there is a positive attitude towards their widespread use in the educational process. Curricula for all specialties differ in their ways of transmitting and receiving information. In addition, the use of ICT in the classroom is the main task and requirement set out in the state education standard. It is not possible to make a comprehensive analysis of the use of ICT, as this area is wide. The role of language policy in the development of the country's policy and the announcement of changes in it is special.

The use of ICT in education has created a new model of teaching based on modern information technologies, which

*Хат-хабарларға арналған автор: С. Қазиханова, samanta007@bk.ru

implements the education and training principles of modernization. Solving the issues as the introduction of ICT in trilingual education have been identified.

However, in order to use the continuous flow of information technology, the formulation of specific goals and objectives requires selection and systematization. In particular, it is necessary to consider the use of information development tools, which provide for the development of information and cognitive strategies in trilingual education. In this regard, a model of developing students' ICT competencies in a trilingual environment was proposed.

Keywords: Republic of Kazakhstan, trilingual policy, information and communication technologies (ICT), information competence.

JEL code: Z13.

Аннотация. В соответствии с требованиями сегодняшнего дня наблюдается преобладание использования информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) во всех сферах образования в стране и наблюдается положительное отношение к их широкому использованию в образовательном процессе. Учебные планы для всех специальностей отличаются своими способами передачи и получения информации. Использование ИКТ на уроках является главным задачей и требованием, изложенным в государственном стандарте образования. Сделать комплексный анализ использования ИКТ невозможно, так как она разносторонняя. Роль языковой политики в разработке политики страны и объявлении изменений в ней особенная.

Использование ИКТ в образовании создало новую модель обучения на основе современных информационных технологий, реализующую принципы модернизации образования и образования. Определены пути решения таких вопросов, как внедрение ИКТ в процесс трехязычного образования.

Однако для того, чтобы использовать непрерывный поток информационных технологий, постановка конкретных целей и задач требует отбора и систематизации. В частности, необходимо рассмотреть использование средств информационного развития, которые предусматривают разработку информационно-когнитивных стратегий в трехязычном образовании. В связи с этим была предложена модель развития ИКТ-компетенций студентов в трехязычной среде.

Ключевые слова: Республика Казахстан, трехязычная политика, информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), информационная компетентность.

JEL код: Z13.

Кіріспе

Еліміздің жоғары оқу орындарында үштілді білім беруді дамыту жобалық форматта кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Қазақ-орыс тілдеріне қоса ағылшын тілін қосу, 2015 жылдан бері университеттерде «Оқыту тілі ретінде ағылшын тіліне кезең-кезеңімен көшу» жобасымен іске қосылды. Бастапқы кезең - 2016 жылдың қыркүйегінен бастап үш тілде білім беруге көшу басталды. Оқу бағдарламаларының мазмұнын, оқу ресурстары мен бағалау және бақылау жүйесін жаңарту, студенттер мен педагогикалық ұжымды аттестациялау мақсатында жоба кеңейте келе «Үштілділік – табыс формуласы» жобасына айналды (*ҚР тілдердің қолданылуын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2011-2020; ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Үшбірлік тілдері (қазақ, орыс және шет тілдері, 2010).*

Жобаның келесі кезеңі – 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап көптілді кәсіби және мәдениетаралық коммуникацияның жаңа сапасын қалыптастыру мақсатында университеттердің бакалавриат, магистратура және PhD докторантурада үш тілде оқытуды бастау болады.

Ал, қазіргі кезеңде үштілді білім беру – білім беру құралы мен үздіксіз процесіне айналды. Университеттерде үштілді білім беруді жүзеге асырудың қажетті шарттары нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді құру, үштілділік саласындағы зерттеулер, институционалдық және оқу бағдарламаларын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Осы ретте ақпараттық қамтамасыз етуде АКТ рөлі бірінші кезекке шықты.

Алайда, ақпараттық технологиялардың толассыз ағынын пайдалану үшін ондағы нақты мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдау іріктеу мен жүйелеуді талап етеді. Әсіресе, үштілдік білім беруде ақпараттық танымдық стратегияларды дамытуды көздейтін ақпараттық дамыту құралдарын пайдаланудың тұжырымдарын қарастыру керек. Осы бағытта, үштілділік жағдайында студенттердің АКТ құзыреттілігін дамыту үлгісі ұсынылды.

Зерттеу әдістері

Практикалық зерттеуде деректерді жинау және сұрыптау мақсатында сапалық және сандық тәсілдері қолданылды. Деректерді жинау әдісіне эмпирикалық зерттеу мақсатында 5

жоғары оқу орындарының (әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Абай ат. ҚазҰПУ, ЖМУ; ҚазМемҚызПУ, ППМУ) студенттеріне, магистранттар мен жас ғалымдар арасында сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар, университет сайттарында үш тілде ақпараттың ұсынылуына талдау жасалды. Зерттеудің нәтижелері мен респонденттердің жауабының нәтижесіне салыстырмалы сандық талдау жасалып, нәтижелері статистикалық талдауда беріледі.

Әдебиеттерге шолу

АКТ-ны білім беру саласында, атап айтқанда жоғары мектепте пайдаланудың барлық мақсаттары мен принципіне сүйене отырып, бірқатар мүмкіндіктерін біріктіруге болады. Осы бағытта, Нуртазина М.Б., Бектурова Ж.Б., Ташимханова Д.С., Кадеева М.И. (2016) пайымдауынша, білім берудегі АКТ-ның келесі мүмкіндіктері беріледі:

- ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізу мүмкіндігі;
- компьютердің көмегімен оқу ақпаратын визуализациялау;
- интерактивті диалогты жүзеге асыру;
- ақпаратты компьютердің көмегімен модельдеу.

Фулфорд К., Бюттнер Ю. (2002) анықтамаларында білім беру саласындағы АКТ «бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, коммуникациялық білім беру ортасының көмегімен оқу үдерісі мен тіл үйренушілердің іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару» деп анықталған. Гуттерман Б., Рахман С. (2009) айтқандай, АКТ мұғалімнің өзі жанды қарым-қатынасты ұйымдастырушы. Бұл үшін ақпараттық құзыреттілікті игеруіміз керек.

Эбрагим Заде (2002) анықтамасында «Ақпараттық құзіреттілік – адамның ақпаратты жіберуші және қабылдаушы ретінде өзінің ақпараттық қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында ақпараттық қызметтің танымдық және коммуникациялық операцияларын орындау қабілеті». Ло Н. Юэнь (2000), Эбрагим Заде Э. (2002) пікірінше ақпараттық құзыреттер:

- өзінің нақты мақсаттарына

байланысты АКТ-ны қолдану әдістерін әртараптандыру мүмкіндігі;

- белгілі бір мақсатқа жетуде АКТ қолданудағы қиындықтарды анықтай білу;

- белгілі бір ақпарат қайда, қашан, неліктен және қалай қойылған педагогикалық мақсаттарға сәйкес келетіні туралы сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі;

- оқу процесін ұйымдастырудағы белгілі бір АКТ-ның рөлін талдай білу;

- АКТ-мен жұмыс істеу кезінде басқаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру;

- заманауи АКТ-ны қолдану дағдыларын үздіксіз дамыту.

Мюллер-Фальке Д. (2006), Туре К. (2009) бойынша АКТ бағдарламалық құралдары арқылы жасалған оқытуда бейнематериалдар, электронды оқулықтар, аудио блогтар, бағдарламалық өнімдер және т.б. маңызды.

А.Х. Алкаромах (2021) АКТ арқылы білім беруде келесі аспектілерді ескереді:

1. АКТ-ны оқыту үдерісіне біріктіру тұтас педагогикалық процеске негізделген кешенді түрде жүзеге асырылуы керек;

2. Оқыту процесіне АКТ-ны енгізудің екі тәсілін бөліп көрсету қажет:

1) АКТ-ны тілдерді оқытудың дәстүрлі жүйесіне кіріктіру;

2) сыныптан тыс жұмыстарда АКТ құралдарын қолдану.

Дәстүрлі білім беру жүйесіне кіріктірілген АКТ-ны қолданумен жұмыс формалары шығармашылық-зерттеу жұмыстары болып табылады. Мысалы, жоба құру, электронды түрде материалды қорытындылайтын презентация т.б. Презентацияны дайындау процесі студенттердің қызығушылықтарын, алған дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. АКТ-ны пайдалана отырып, тіл үйренушілер желілік жарыстарға, телеконференцияларға қатысуға мүмкіндік алады. Олар электронды құралдармен жұмыс; ана тілінде сөйлейтіндермен желілік байланыс; тыңдау, оқу, сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға арналған материалдары бар интернет

сайттарымен жұмыс жүзеге асады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Үштілді білім беруде оқу процесінде АКТ көмегімен тілдік бағдарламаларды пайдалану тіл үйренушілердің тілдік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, сабақтың көрнекілігі мен өнімділігін арттырады. Тілдік білім беруде АКТ пәнаралық байланысты дамытумен қатар, олардың бағдарлау қабілетін, әсіресе ақпараттық құзыреттілігін дамытуға көмектеседі. АКТ көмегімен үш тілдегі ақпаратты пайдалана отырып, білім берудің бағдарламалық, ақпараттық және мультимедиялық өнімдерін пайдалануда әртүрлі кезеңдер арқылы жүзеге асырамыз. Пән бойынша ақпаратты топтастыру, іріктеу, презентацияларды құру және компьютердің бағдарламалық өнімдерін

таңдауға болады. Редакторлардың көмегімен цифрлық, графикалық және дыбыстық ақпаратты өңдеуге болады. Жоғарыда аталғанды Деттория Г., Лупиб В. (2010) сынды ғалымдар 4 кезеңге бөледі:

1-кезең. Компьютерлік ақпараттық қолдауда оқу материалын анықтау.


2-кезең. Мультимедиялық ақпараттық өнімдерді таңдау және құру.

3-кезең. Дайындалған, құрылған және іріктеп алынған ақпараттық өнімдерді қолдану.

4-кезең. Білім беруде АКТ тиімділігін қорытындылау және талдау.

Дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда АКТ қолданылған сабақтың ерекшелігі студенттердің пәндік рейтингісін қадағалау үшін де маңызды. АКТ қолданысы келесі қолдану принциптеріне (Сурет 1) негізделуі керек:

Оқу құралы ретінде АКТ-ны қалай пайдалануға болады?



Сурет 1 - АКТ қолдану кезеңдері мен принциптері

Жалпы, АКТ заманауи технологиялардың тұтас кешені ретінде танылады. Оқу бағдарламасына АКТ-ны тиімді, сауатты және ұтымды пайдалану мақсатында студенттің ақпараттық құзыретілік сапасы алдын ала болжанады.

Киселев Г.М. (2014) бойынша ақпараттар ағынын қабылдау ерекшеліктеріне мән беріліп, білім беру

процесінде қолданылатын техникалық құралдар мен ақпараттың қауіпсіз ортасын, оның жоғары нәтижесі болуын ескеру керек.

Келесі суретте АКТ қолдану принциптері, ақпараттық құзыреттілік компоненттері, бағалау жүйесі, білім берудегі студенттердің, білім беруді басқару аспектілері көрсетілген (Сурет 2).



Сурет 2 - Үштілділік жағдайында студенттердің АКТ құзыреттілігін дамыту үлгісі

Егер үлгідегі аспектілер сақталса, онда АКТ коммуникацияның ең жақсы құралы болып өнімді нәтиже береді. АКТ қолданысы білім беру жүйесін табысты ғана емес, қызықты етеді. Бұнда тіл үйрену мен үйретуді бейсаналық түрде жүргізіледі. Бұл студенттің қызығушылығын тудыратын шынайы мақсатты ақпараттар әлемін жасайды, тілді шынайы түрде қолдануға шақырады. Студент ақпарат әлемінің қатысушысына айналады. Бұның бәрі ақпараттық құзыреттілікті дамытады, олардың танымдық білім алуының нәтижесі бола

алады.

Осы бағытта Қазақстандағы алдыңғы қатарлы университеттердің сайттарындағы ақпараттың үш тілде жүргізілуіне сараптама жасап көрдік. Бұл талдау жұмысындағы мақсатымыз – АКТ көмегімен ақпараттың студенттерге үш тілде таратылуы мен берілуінің еліміздің үштілділік заңының талаптарына сай жүргізілуінің деңгейін анықтау болды. Келесі кестеде 3 университет жүйесіндегі ақпараттардың үш тілде берілу көрсеткіштері анықталды (Кесте 1).

Кесте 1- АКТ негізінде ақпараттардың үш тілде таратылуы

Парақша атаулары	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті https://univer.kaznu.kz/	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті http://e.kaznpu.kz/	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық ұлттық университеті http://univer.kazmkpu.kz/
Басты бет	+	+	+
Жаңалықтар	+	+	+

Құжаттар			
Хабарламалар	+	+	+
Нұсқаулықтар	+	қаз, орысша	қаз, орысша
Жеке профайл	+	+	+
Қатысу және үлгерім журналы	+	қаз, орысша	қаз, орысша
ПОЭК	сабақ өткізілетін тілде	қаз, орысша	сабақ өткізілетін тілде
Аттестация	+	қаз, орысша	қаз, орысша
Кесте	+	қаз, орысша	қаз, орысша
Емтихан кестесі	+	қаз, орысша	қаз, орысша

Жоғарыда кестедегі ақпараттардың үш тілде берілуін талдау нәтижесіне сүйенсек, барлық маңызды ақпарат үш тілде берілгенімен, сабаққа байланысты пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен силлабустар тек сабақ өткізілетін тілде берілгендігі анықталды. Абай ат. ҚазҰПУ мен ҚазҚызМемПУ-де «Универ» жүйесі кешірек жүргізіле басталғандықтан емтихан, аттестацияға қатысты ақпараттар әлі де болса ағылшын тілінде енгізілмегендігі байқалады.

Келесі кезекте студенттердің осы үш тілдегі ақпараттарды еліміздегі үштілділік жағдайында «Универ» жүйесін қолданудағы үш тілдегі ақпаратты қолданудағы АКТ тиімділігін анықтау үшін сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың мақсаты - студенттердің үштілділік пен АКТ тиімділігіне көзқарасын анықтау болды. АКТ-ның оқу бағдарламаларында жалпы және арнайы пайдасы да қарастырылды.

Сауалнама сұрақтары

1. Сіз Қазақстан азаматысыз ба?
2. Мемлекеттің үштілділік

саясаты маңызды ма?

3. Сіз үшін үштілділік саясаты керек пе?

4. Бірнеше тілді үйренуде АКТ маңызды ма?

5. Шетел тілін үйренуде АКТ қолданасыз ба?

6. Университеттегі «Универ» жүйесіндегі АКТ қолданысына көңіліңіз тола ма?

7. Университеттің «Универ» жүйесіндегі АКТ қолданысы сіз үшін маңызды ма?

8. Сіз ақпараттық коммуникативтік технологияларды (АКТ) жиі қолданасыз ба?

Жауаптары:


Иә

жоқ

өте маңызды емес

жауап беру қиын

Сауалнамаға 50-ден астам 5 жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттар мен жас ғалымдар қатысты. Олардың жауабын төмендегі диаграммадан көре аламыз.



Сурет 3 – Жүргізілген сауалнама нәтижелері

Нәтижелер бойынша АКТ-ны дұрыс пайдаланған жағдайда тіл үйрену дағдыларына оң әсер ететінін көрсетті. Респонденттердің орташа алғанда 71%-ы АКТ үштілді білімді дамытуға ынталандырудың тиімді құралы екенін айтады. 84% респонденттер үштілділік саясатын керек деп есептейді. 81% респонденттер болса бірнеше тілді үйренуде АКТ маңызды екендігін құптайды. Сондай-ақ, 81% респонденттер ақпараттық коммуникативтік технологияларды жиі қолданатынын айтады.

71% респонденттер шетел тілін үйренуде АКТ қолдануды тиімді деп есептейді. Нәтижелер сонымен қатар АКТ-ны дұрыс пайдаланған жағдайда қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын тілін жаңадан бастағандардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларына оң әсер ететінін көрсетті. 69% респонденттер университетте АКТ қолданысына көңілі толатынын мәлімдесе, қалған 31% респонденттердің университеттегі АКТ қолданысына көңілі толмайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ, студенттердің 71% университетте АКТ қолданысы өзі үшін маңызды деп есептесе, 29% респонденттер маңызды емес деп есептейді.

Сауалнамадағы 6,7 сұрақтардың нәтижелері білім беруде университеттерде АКТ құралдар қолданысы мен үштілді бағдарламалар жетіспейтіндігін байқатады. Нәтижесінде, тіл үйренушілерді қазақ, орыс және ағылшын тілінде еркін сөйлесуге АКТ арқылы ынталандыруды және күйзеліс ортасын төмендету үшін АКТ-ны қолданудың стратегиялары мен әдістеріне сай үйретуді ұсынамыз.

Шкутина Л.А., Сарсекеева Ж.Е. (2005) атап көрсеткен АКТ-ның негізгі артықшылықтарын түйіндесек:

- АКТ студенттердің назарын аударуда және ынталандыруда өте тиімді;
- АКТ жеке тұлғалар мен оқиғалар туралы шындықты қызықты көрсетеді;
- студенттердің мінез-құлқын өзгертуге (жағымды) және оң көзқарастарын, қызығушылықтарын дамытады;
- студенттерге ақпараттар ортасында тануға, өзін-өзі танытуға және шығармашылыққа баулиды;
- АКТ арқылы мультимедиялық құралдар пайдалану арқылы ақпараттарды жазуға, өз сөзін тыңдауға және өз шығармаларын жариялауға және көруге, оқуға ынталандырады;
- АКТ студенттердің тілдік білімі

мен шығармашылық ойлауын дамытады және т.б.

Тәжірибе нәтижесі көрсеткендей, АКТ студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттыруда бүкіл әлем бойынша мемлекеттік және жеке ұйымдар үшін ең басты басымдықтардың бірі болып отыр. Жалпы ақпараттық сауаттылық басқа адамдармен, бөтен ортамен қарым-қатынас жасау үшін тілді пайдалана білуді қамтиды.

Қорыта келгенде төмендегі тұжырымдарды ұсынамыз:

- ЖОО студенттерінің білім алуға ынталандыруда және білім берудің тиімділігін арттыруда АКТ қолданысы бірден-бір құрал болып қала береді;

- АКТ студенттерді білім алуда мінез-құлқын жағымды жаққа өзгертуге және олардың оң көзқарастарын, қызығушылықтарын дамыту үшін пайдаланылуы керек;

- ЖОО студенттерін ақпараттар ортасында өзін-өзі бағалауда, өзін-өзі танытуды тиімді құрал ретінде қолдануымыз қажет;

- Үштілді білім беруде АКТ арқылы мультимедиялық құралдар көмегімен ақпараттарды пайдалануда, білім алуда немесе жариялауда аса маңызды;

- АКТ-ның студенттердің тілдік білімі мен шығармашылық ойлауын дамытуда ақпараттық құзыреттілігін дамытудағы әдістерді басшылыққа алуымыз керек;

- Еліміздің үштілділік саясаты аясында оқу бағдарламаларын үш тілде дамытуда АКТ құралдарында жарияланған ақпаратты қолдану студенттердің тілдік және ақпараттық құзыреттілігін дамытуда кеңінен қолданылуы тиісті.

Қорытынды

Зерттеушілер үштілді білім беруде АКТ көмегімен студенттердің тілдік білім, білік, дағдыларымен қатар ақпараттық құзыреттілігін дамытуда заманауи әдістерінің бірі ретінде маңыздылығын дәлелдеді. АКТ қолданысы үш тілде білім берудің ақпараттандыруда және ақпараттық құзыреттілікті дамытуға оң ықпал береді. АКТ негізіндегі тілдік бағдарламалар студенттерге ақпарат кеңістігінде үш тілде еш ойланбастан немесе мәжбүрлеусіз қатысуға және басқалармен байланыс орнатуға көмектеседі.

Жалпы, зерттеуде «АКТ», «ақпараттық құзыреттілік» ұғымдарының әртүрлі түсіндірмелерін талдау барысында, АКТ ұғымының мәнін осы зерттеу аясында білім алушының үш тілді меңгеру мақсатында қажетті құрал екенін анықтадық. Оның мазмұнды нәтижесі – студент меңгеретін ғылыми білім, білік, дағды, мінез-құлық және іс-әрекет формаларын дамытудағы ерекше ықпалдылығына байланысты қарастырдық.

Болашақта, АКТ қолданысы арқылы үш тілдік білім беруде оқу бағдарламаларын құрастыру мүмкіндігін қарастыруымыз керек.

Мақала Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан 2021-2023 жж. жүзеге асырылатын OR 11465474 «Білім және ғылым жүйесін дамытудың ғылыми негіздері» зерттеуді бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында дайындалды. Осы мақаланы жариялауда көрсеткен қолдауы үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне алғыс айтамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Alkaromah, A. H. (2021). *Investigating The Use of ICT in English Language Teaching Viewed From SAMR Model Perspective (a Case Study of Senior High School in Surakarta)*. UNS - Pascasarjana, Prog. Studi Magister Pendidikan Bahasa Inggris. S891808003.
- Dettonia, G., Lupib, V. (2010). ICT and new methodologies in language learning. *Social and Behavioral Sciences*, 2, 2712-2716, DOI:10.1016/j.sbspro.2010.03.401.
- Ebrahim Zadeh, E. (2002). Approach is necessary to open and distance education system and the use of technology in teaching and learning process is organized. *Journal of Peik Noor*, 1, 8.
- Fulford, C., Buettner, Y. (2002). Information and communication technology in education. *A curriculum for school and programme of teacher development*. UNESCO. 148 p.
- Guterman, B., Rahman, S. (2009). *Information and Communication Technologies (ICT) in Education for*

- Development, N.Y.: United Nations, 39 p.
- Law, N. Yuen. (2000). Conceptual Framework For Use Of ICT in Education: Roles and Interactions Of The Laerners, Teacher and The Technology: Faculty Of Education, University Of Hong Kong, www.cite.com.
- Müller-Falcke, D. (2006). The Impact of ICT on Small Enterprises: The Case of Small-Scale Industry in India. In: Torero, M. and von Braun, J (eds.): *ICT for Development and Poverty Reduction - The Potential of Telecommunications*, Baltimore, 174-178pp.
- Toure, K. (2009). Appropriating technologies and making them work for you in teaching and learning: depth is essential. In T. Karsenti (Ed.), *Pedagogical Use of ICT: Teaching and Reflecting Strategies*, Ottawa: IDRC, pp. 94-110.
- Киселев, Г.М. (2014) Информационные технологии в педагогическом образовании. М. 304 стр.
- Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (2011-2020). ҚР НҚААҚЖ «Адлет» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Үшбірлік тілдері (қазақ, орыс және шет тілдері). (2010).
- Нуртазина, М.Б., Бектурова, Ж.Б., Ташимханова, Д.С., Кадеева, М.И. (2016). Креативные тенденции развития полиязычного образования в лингвокультурном пространстве Казахстана. *Межкультурное обучение как полилог языков и культур: сборник статей*. Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева - 168-178 стр.
- Шкутина, Л.А., Сарсекеева, Ж.Е. (2005). *Педагогические основы организации самостоятельной работы студентов в рейтинговой системе обучения*. Караганда: Изд-во «Санат-Полиграфия» - 124 стр.

REFERENCES

- Alkaromah, A. H. (2021). *Investigating The Use of ICT in English Language Teaching Viewed From SAMR Model Perspective (a Case Study of Senior High School in Surakarta)*. UNS - Pascasarjana, Prog. Studi Magister Pendidikan Bahasa Inggris. S891808003.
- Dettonia, G., Lupib, V. (2010). ICT and new methodologies in language learning. *Social and Behavioral Sciences*, 2, 2712-2716, DOI:10.1016/j.sbspro.2010.03.401.
- Ebrahim Zadeh, E. (2002). Approach is necessary to open and distance education system and the use of technology in teaching and learning process is organized. *Journal of Peik Noor*, 1, 8.
- Fulford, C., Buettner, Y. (2002). Information and communication technology in education. *A curriculum for school and programme of teacher development*. UNESCO. 148 p.
- Guterman, B., Rahman, S. (2009). *Information and Communication Technologies (ICT) in Education for Development*, N.Y.: United Nations, 39 p.
- Law, N. Yuen. (2000). Conceptual Framework For Use Of ICT in Education: Roles and Interactions Of The Laerners, Teacher and The Technology: Faculty Of Education, University Of Hong Kong, www.cite.com.
- Müller-Falcke, D. (2006). The Impact of ICT on Small Enterprises: The Case of Small-Scale Industry in India. In: Torero, M. and von Braun, J (eds.): *ICT for Development and Poverty Reduction - The Potential of Telecommunications*, Baltimore, 174-178pp.
- Toure, K. (2009). Appropriating technologies and making them work for you in teaching and learning: depth is essential. In T. Karsenti (Ed.), *Pedagogical Use of ICT: Teaching and Reflecting Strategies*, Ottawa: IDRC, pp. 94-110.
- Kiselev, G.M. (2014) *Informacionnye tehnologii v pedagogicheskom obrazovanii*. М. 304 с. (In Russian).
- Kazakstan Respublikasynda tilderdin koldanylyyn damytudyn memlekettik bagdarlamasy (2011-2020). ҚР НҚААҚЖ «Адлет». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>. (In Kazakh).
- Kazakstan Respublikasynyn memlekettik zhalpyga mindetti bilim beru standarty. Yshbirlik tilderi (kazak, orys zhane shet tilderi). (2010). (In Kazakh).
- Nurtazina, M.B., Bekturova, Zh.B., Tashimhanova, D.S., Kadeeva, M.I. (2016). Kreativnye tendencii razvitija polijazychnogo obrazovanija v lingvokul'turnom prostranstve Kazahstana. *Mezhkul'turnoe obuchenie kak polilog jazykov i kul'tur: sbornik statej*. Astana: Izd-vo ENU im. L.N. Gumileva - 168-178 s. (In Russian).
- Shkutina, L.A., Sarsekeeva, Zh.E. (2005). *Pedagogicheskie osnovy organizacii samostojatel'noj raboty studentov v rejtingovoj sisteme obuchenija*. Karaganda: Izd-vo «Sanat-Poligrafija» - 124 s. (In Russian).

APPLICATION OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF THE STATE LANGUAGE POLICY IN THE CONTEXT OF TILINGUAL CONDITIONS

Samanta KAZIKHANOVA, Leading Researcher, Y.Altynsarin National Academy of Education, Astana,

Kazakhstan, samanta007@bk.ru

Galiapanu REZUANOVA, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Leading Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan, galiabanu_k@mail.ru

Gani BEISEMBAYEV, Candidate of Psychological sciences, doctor PhD, Vice-minister of Education of the Republic of Kazakhstan, The Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, ganibey@bk.ru

ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ РАЗРАБОТКЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ В УСЛОВИЯХ ТРЕХЪЯЗЫЧЬЯ

Саманта КАЗИХАНОВА, ведущий научный сотрудник, Национальная академия образования им. Ы.Алтынсарина, Астана, Казахстан, samanta007@bk.ru

Галияпану РЕЗУАНОВА, кандидат филологических наук, доцент, ведущий научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы.Алтынсарина, Астана, Казахстан, galiabanu_k@mail.ru

Гани БЕЙСЕМБАЕВ, кандидат психологических наук, доктор PhD, вице-министр просвещения Республики Казахстан, Министерство просвещения РК, Астана, Казахстан, ganibey@bk.ru